

### **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу;**

Зерделеу барысында: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті менгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шенберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дene шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дene шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабактар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-11сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабактар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

### **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.**

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдың Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26 тармағы(1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабактан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады)

"Назар аударыңыз, балалар" іс-шара, « Көше күтпеген оқиғаларға толы», «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Біздің қала, аудан», «Жол жүру ережелері», «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», «Жол белгілерінің халықаралық тілі» сынып сағаттары, «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы бойынша Қызылбұлак ПБ жергілікті полиция қызметі Байжазық Нұрмагамбет кездесу өткізді. 1-4-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабактар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған.

2024-2025 оқу жылында «Жол қауіпсіздігі», "Жолда жүру ережесін біл және құрметте!" тақырыптарында ақпараттық сағаттар, "Қай жерлерден өтуге болады?" тақырыбында сынып сағаты, білім алушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін қалыптастыру, жолда жүру мәдениетін үйретті. Мектепішлік «Менің қаламдағы қауіпсіз жол қозғалысы» тақырыбында мектепішлік суреттер байқауы , 5-6 сыныптар арасында "Біз- жас жол қозғалыс инспекторларымыз", бастауыш сыныптар арасында «Көнілді бағдаршам» сайыстары өткізілген. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабактар бастауыш сыныптарда сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып , 5-8 сыныптарда электронды журналдың ҚББ жазылған.